

6D050100/8D03103 – Әлеуметтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Юсупов Қуанышбек Есенбековичтің «Қазақстан Республикасында индустриалды-инновациялық даму стратегиясының ерекшеліктеріне әлеуметтанулық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор М.С.Садырованың

ПІКІРІ

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасындағы индустриалды-инновациялық даму стратегиясының әлеуметтік аспектілерін кешенді түрде әлеуметтанулық тұрғыдан талдауға арналған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстанның ұзақ мерзімді даму стратегиясында индустриалды-инновациялық бағыттың негізгі басымдық ретінде айқындалуымен, сондай-ақ ұлттық экономиканың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлеуметтік жаңғыру үдерістерін қамтамасыз ету міндеттерімен тікелей байланысты.

Диссертациялық жұмыста индустриалды-инновациялық даму стратегиясы тек экономикалық емес, кең әлеуметтік кеңістікте қарастырылып, инновациялық саясаттың қоғам құрылымдарына, әлеуметтік стратификацияға, еңбек нарығына, аймақтық теңсіздік пен әлеуметтік мобильділік үдерістеріне ықпалы кешенді түрде талданған. Автор инновацияны қоғам дамуының маңызды индикаторы және әлеуметтік өзгерістердің жетекші факторы ретінде қарастырып, оның әлеуметтанулық интерпретациясын ұсынады. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы диссертацияда нақты көрсетілген.

Біріншіден, инновация ұғымына әлеуметтанулық контексте авторлық интерпретация беріліп, оны қоғамдағы алдыңғы қатарлы қызмет түрлерін ұйымдастырудың, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мен өзгертудің, әлеуметтік өзгерістерді іске асырудың ерекше формасы ретінде түсіндіреді.

Екіншіден, инновациялық үдерістерді зерделеудің теориялық бағыттары жүйеленіп, инновация әлеуметтануының негізгі теориялық топтамасы жасалған.

Үшіншіден, алыс және жақын шетелдердегі инновациялық дамудың деңгейлері мен бағыттарына салыстырмалы әлеуметтанулық талдау жүргізіліп, Қазақстан үшін бейімдеуге болатын институционалдық және әлеуметтік тетіктер айқындалған.

Төртіншіден, Қазақстандағы индустриалды-инновациялық даму үдерістерінің ұлттық және аймақтық ерекшеліктері, әлеуметтік-институционалдық алғышарттары, кедергілері мен мүмкіндіктері сарапталған.

Бесіншіден, индустриалды-инновациялық стратегияның әлеуметтік аспектілерін бағалауға бағытталған эксперттік зерттеу нәтижесінде

Қазақстандағы индустриалды-инновациялық саясаттың тиімділігін арттыруға қатысты нақты ұсыныстар жүйесі ұсынылған.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсат-міндеттері, ғылыми жаңалығы, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, эмпирикалық дереккөздері айқын және жүйелі түрде баяндалған.

Бірінші тарауда инновациялық үдерістерді зерттеудің әдіснамалық негіздері қарастырылған. Мұнда инновация әлеуметтанудың зерттеу объектісі ретінде талданып, инновациялық үдерістердің типологиясы, бағыттары, сондай-ақ инновациялық жүйе құрылымындағы инновациялық қызметтің ерекшеліктері мен оларды басқару әдістері сипатталған. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін кеңінен талдай отырып, инновация теорияларының классикалық, неоклассикалық, эволюциялық, мәдени-құрылымдық және саясаттық-менеджменттік бағыттарын салыстырмалы тұрғыда жүйелейді. Инновациялық қызметтің әлеуметтік өлшемдері, инновациялық тұлға, инновациялық әлеует, инновациялық мәдениет ұғымдары әлеуметтанулық категориялар ретінде айқындалған.

Екінші тарауда дамуы әртүрлі елдердегі инновациялық үдерістерге салыстырмалы талдау жасалады. Алыс шетелдер тәжірибесінде (Еуропа, АҚШ, Оңтүстік Корея, Түркия және т.б.) ұлттық инновациялық жүйелердің қалыптасу ерекшеліктері, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыс, мемлекеттің инновациялық саясатты қолдау тетіктері қарастырылған. Жақын шетелдер кеңістігіндегі (ТМД елдері) инновациялық үдерістердің аймақтық ерекшеліктері мен халықаралық ынтымақтастық формалары да әлеуметтанулық тұрғыда сарапталған. Осы тарауда автор әлемдік тәжірибені механикалық көшіруден гөрі, оны Қазақстанның әлеуметтік-мәдени контекстіне бейімдеп пайдалану қажеттігін дәлелдейді.

Үшінші тарау Қазақстандағы индустриалды-инновациялық дамудың негізгі бағыттарына арналған. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық саясатына, оның стратегиялық құжаттарда (мемлекеттік бағдарламалар, ұлттық жобалар, стратегиялық жоспарлар) көрініс табуына талдау жасалып, инновациялық саясаттың экономикалық дамуға ғана емес, әлеуметтік құрылым мен әлеуметтік институттарға әсері бағаланады. Индустриалды-инновациялық стратегияның әлеуметтік аспектілерін бағалау мақсатында жүргізілген expertтік сауалнама нәтижелері ұсынылған: 40 сарапшымен (әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, мемлекеттік органдар өкілдері, журналистер, инновациялық сала мамандары және т.б.) терең сұхбат жүргізіліп, индустриалды-инновациялық даму стратегиясын іске асырудағы негізгі әлеуметтік кедергілер мен факторлар анықталған. Жоғары білікті

техникалық кадрлар тапшылығы, инновациялық саясатты кезең-кезеңімен іске асырудағы үйлесімсіздік, ұлттық инновациялық жүйені әлеуметтік басқарудың институционалдық ақаулары сияқты мәселелердің әлеуметтік өлшемдері көрсетілген.

Диссертация мазмұнына сәйкес, Юсупов Қуанышбек Есенбекович зерттеу барысында жоғары ғылыми мәдениет, әдіснамалық сауаттылық және жүйелі ойлау қабілетін көрсетті. Диссертанттың ғылыми стилі анық, құрылымы жинақы, негізгі ой-тұжырымдары дәл және логикалық тұрғыда дәйектелген. Ол ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей білу, күрделі теориялық концепцияларды салыстырмалы талдау, эмпирикалық деректермен жұмыс істеу және оларды интерпретациялау дағдыларын меңгерген.

Философия докторы (PhD) бағдарламасы аясында Юсупов Қуанышбек Есенбекович оқу жоспарының барлық талаптарын орындады, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізді, ғылыми кеңесшілермен және шетелдік ғылыми кеңесшімен (проф. Аднан Текшен) тығыз ғылыми әріптестік байланыста болды. Ол зерттеу тақырыбы бойынша жоғары жауапкершілік, еңбекқорлық, ғылыми адалдық және кәсіби қызығушылық танытты.

Қорытындылай келе, «Қазақстан Республикасында индустриалды-инновациялық даму стратегиясының ерекшеліктеріне әлеуметтанулық талдау» тақырыбындағы Юсупов Қуанышбек Есенбековичтің диссертациялық жұмысы өзектілігімен, теориялық-әдіснамалық деңгейімен, ғылыми жаңалығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді, «8D031 – Әлеуметтік ғылымдар (6D050100/8D03103 – Әлеуметтану)» мамандығы бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын негізгі талаптарға толық көлемде жауап береді.

Сондықтан диссертациялық жұмысты қорғауға ұсынуға және оның авторы Юсупов Қуанышбек Есенбековичті «8D031 – Әлеуметтік ғылымдар (6D050100/8D03103 – Әлеуметтану)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

М.С.Садырова

